

## **Білім беру ұйымдарының ішкі тәртібінің үлгі қағидасын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 41 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 наурызда № 5416 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2024 жылғы 5 маусымдағы № 229 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 05.06.2024 № 229 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 24-7) тармақшасына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Білім беру ұйымдарының ішкі тәртібінің қоса беріліп отырған үлгі қағидасы бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

## **Білім беру ұйымдарының ішкі тәртібінің үлгі қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Білім беру ұйымдарының ішкі тәртібінің үлгі қағидалары "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 24-7) тармақшасына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымдарының ішкі тәртібінің қағидасын әзірлеу және бекіту үшін негіз болып табылады.

2. Білім беру ұйымдарының ішкі тәртібінің үлгі қағидасы меншіктің барлық нысандарындағы білім беру ұйымдарының ішкі тәртіп ережесін әзірлеу мен бекіту кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

3. Білім беру ұйымдарының қызмет режимін ескере отырып (білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тәулік бойы болуы, олардың белгілі бір уақытта ғана

болуы, оқу сабақтарының ауысымдылығы және білім беру ұйымының өзге де жұмыс ерекшелігіне қарай) білім беру ұйымының әкімшілігі педагог және білім беру ұйымының өзге де қызметкерлердің жұмыс және демалыс уақытының режимін белгілейді.

4. Ішкі тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында білім беру ұйымының әкімшілігі білім беру ұйымының қызметкерлерінің, сонымен қатар білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім беру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасымен және білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережесімен жүктелген міндеттерді сақтауын қамтамасыз етеді.

## **2. Білім беру ұйымының ішкі тәртібі**

5. Білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережесінде:

білім беру ұйымының әкімшілігі мен педагогтерінің білім алушылармен және тәрбиеленушілермен және олардың ата-аналарымен өзара қарым-қатынасы;

оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың тәртібі;

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім алуы және өмірі мен денсаулығын сақтау, балалардың құқықтарын қорғау үшін жағдайлар;

білім беру ұйымдарының еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы жағдайлары;

ұйым қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

білім беру ұйымы жұмысының басталу және аяқталу уақыты, сабақтардың арасындағы үзілістер;

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу сабақтарының ұзақтығы қамтылуы тиіс.

6. Білім беру ұйымының әкімшілігі қызметкерлердің, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, сонымен қатар олардың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің білім беру ұйымының ішкі тәртібіне қолжетімділігін және таныстыруды қамтамасыз етеді.